

**Қамқоршылық кеңестің отырысының
№ 3 Хаттамасы**

«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК

«24» 06 2025 жыл

Қатысқаны: 9 адам

Кеңес Төрағасы – А.К. Муканов

Кеңес хатшысы – А.Г. Бисенгалиева

Кеңес мүшелері:

1. Жетписбаев С.Г. – КММ «Костанайюжэлектросервис» директоры
2. Ерденев А.У. – «Ерденев А.У.» ЖК басшысы
3. Кетов И.А. – «Мастер-пласт» ЖК басшысы
4. Матвеев А.А. – 3 курс білім алушысының ата-анасы
5. Омарова А.А. – руководитель ИП «Омарова»
6. Усенова Ж. – 1 курс білім алушысының ата-анасы
7. Соколова Т.Ж. – ЖШС «Олви» директоры
8. Кариева Ж.О. – 2 курс білім алушысының ата-анасы

Қатыспағаны:

1. Досов Ш.Т. – ЖШС «Каркын» директоры
2. Тулекбаев С.К. – Арқалық қ. № 4 сайлау округінің депутаты

Күн тәртібі:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған колледж оқу-тәрбие жұмысының талдауын тыңдау.

Колледж директоры

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңеспен өзара қарым-қатынас

Директордың ОТЖЖ орынбасары

Кеңес мүшелері

3. Колледж түлектеріне диплом тапсыру салтанатын ұйымдастыруға көмек беру және қатысу

Директордың ОТЖЖ орынбасары

Кеңес мүшелері

4. Түлектердің жұмысқа орналасуына жағдай жасау

Директордың ОТЖЖ орынбасары

Кеңес мүшелері

5. Колледждің кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыруға көмек беру

Директордың ОТЖЖ орынбасары

Кеңес мүшелері

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша 2025–2026 оқу жылына арналған колледждің оқу-тәрбие жұмысының талдауы тыңдалды. Қамқоршылық кеңесі аталған талдауды назарға ала отырып, алдағы оқу жылында үйірме жұмыстарының тиімділігін арттыруды, олардың белсенділігін күшейтуді ұсынды. Сондай-ақ білім алушылардың тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысуын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, кеңес жыл бойы жүргізілген тәрбие жұмыстары мен өткізілген іс-шараларды үлгі етуге болатын оң тәжірибе ретінде бағалады.

Екінші мәселе бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясында өзара қарым-қатынас мәселесі қаралды. Қамқоршылық кеңесі колледжде ашықтық пен адалдықты қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылатын іс-шараларға қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында өткізілетін іс-шараларға қамқоршылық кеңесі мүшелерінің тұрақты түрде қатысуы жөнінде пікір алмасу жүргізілді.

Үшінші мәселе бойынша түлектерге диплом тапсыру салтанатын ұйымдастыру мәселесі қаралды. Салтанатты шараның маңыздылығы атап өтіліп, Қамқоршылық кеңесі мүшелері тарапынан оны өткізуге көмек көрсетуге дайын екендері білдірілді. Атап айтқанда, колледж белсенділеріне және әлеуметтік серіктестердің базаларында өндірістік тәжірибе кезінде жақсы нәтиже көрсеткен білім алушыларға мадақтама хаттар мен шағын сыйлықтар табыстау ұсынылды. Сондай-ақ Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің диплом тапсыру рәсіміне белсенді қатысуы және мерекелік шараны ұйымдастыруға қолдау көрсетуі қарастырылды. Салтанатты шара өтетін күні келіп қатысатындары айтылды.

Төртінші мәселе бойынша түлектердің жұмысқа орналасуына жағдай жасау мәселесі қаралды. Түлектерді жұмыспен қамту – колледждің басты міндеттерінің бірі екені айтылып, жұмыс берушілермен байланыстарды кеңейту қажеттігі атап өтілді. Қамқоршылық кеңесі жергілікті кәсіпорындармен ынтымақтастық орнатып, түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуге дайын екендіктерін білдірді. Сонымен қатар, колледж базасында бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылғанда өтініш берген білім алушылармен жұмыс істеу мәселесі қаралды.

Бесінші мәселе бойынша кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруға көмек көрсету мәселесі қаралды. Мектеп оқушыларына кәсіптік бағыт-бағдар беру ісін жандандыру мақсатында Қамқоршылық кеңесінің қолдауы қажет екені айтылды. Сонымен қатар, биылғы оқу жылына талапкерлерді қабылдау кезінде кеңес мүшелерінің көмек көрсету мүмкіндіктері талқыланды. Ауылдық жерлерде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге қолдау көрсетуі жайында айтылды.

Шешімі:

1. 2025–2026 оқу жылында үйірме жұмыстарының тиімділігін арттыру және тәрбиелік іс-шараларға білім алушылардың белсенділігін күшейту бағытында шаралар қолға алынсын.
2. Колледжде ашықтық пен адалдықты қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды қолдау және Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің бұл шараларға тұрақты қатысуы қамтамасыз етілсін.
3. Түлектерге диплом тапсыру салтанатын жоғары деңгейде өткізу үшін Қамқоршылық кеңесі ұйымдастырушылық және ынталандыру шараларына қолдау көрсетсін.
4. Түлектерді жұмысқа орналастыру мақсатында жұмыс берушілермен байланысты нығайтып, колледжде бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін жүйелі түрде өткізу көзделсін.
5. Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жандандыру үшін Қамқоршылық кеңесі үгіт-насихат шараларына белсенді түрде қатыссын.

**Қамқоршылық кеңесінің
Төрағасы**



Муканов А.К.

**Қамқоршылық кеңесінің
Хатшысы**



Бисенгалиева А.Г.